

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі – Заң) және квazимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) шешімімен немесе квazимемлекеттік сектор субъектісінің өзге тәуелсіз басқару органы құрады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құрылымы мен штат санын (сандық құрамын) директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының келісімі бойынша квazимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмыскерлерінің функционалдық міндеттемелері, құқықтары мен жауапкершілігі квazимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереженің негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және оларды директорлар кеңесімен, қадағалау кеңесімен (ол болған кезде) немесе өзге тәуелсіз басқару органымен келісу бойынша квazимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квazимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесі

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квazимемлекеттік сектор субъектісінің бөлімшесі болып табылады, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, директорлар кеңесіне, қадағалау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квazимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына бағынады және есеп береді.